



Қазақстан Республикасы Парламентінің 30 жылдығы құрметіне арналған мерекелік медаль туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 8 қазандағы № 1033 Жарлығы

Қазақстандық парламентаризмнің дамуы мен қалыптасуына елеулі үлес қосқан Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетел азаматтарын көтермелеу мақсатында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Парламентінің 30 жылдығы құрметіне

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. "Қазақстан Республикасының Парламентіне 30 жыл" мерекелік медалі тағайындалсын.

2. Қоса беріліп отырған:

1) "Қазақстан Республикасының Парламентіне 30 жыл" мерекелік медалімен наградтау қағидалары;

2) "Қазақстан Республикасының Парламентіне 30 жыл" мерекелік медалінің сипаттамасы бекітілсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Қ.Тоқаев

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2025 жылғы 8 қазандағы
№ 1033 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

"Қазақстан Республикасының Парламентіне 30 жыл" мерекелік медалімен наградтау ҚАҒИДАЛАРЫ

1. Осы Қағидалар "Қазақстан Республикасының Парламентіне 30 жыл" мерекелік медалімен (бұдан әрі – мерекелік медаль) наградтау тәртібін регламенттейді.

2. Мерекелік медальмен қазақстандық парламентаризмнің дамуы мен қалыптасуына елеулі үлес қосқан Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетел азаматтары наградталады.

3. Мерекелік медальмен наградтауға ұсыныстарды Қазақстан Республикасының Президентіне Қазақстан Республикасының Парламенті палаталарының төрағалары, Үкіметі, Конституциялық Соты, Жоғарғы Соты, министрліктері, өзге де орталық мемлекеттік органдары, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктер енгізеді.

4. Мерекелік медальды Қазақстан Республикасының Президенті тапсырады.

Мерекелік медальды Қазақстан Республикасы Президентінің атынан және оның тапсырмасы бойынша:

- 1) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі;
- 2) Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының төрағалары;
- 3) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдері;
- 4) Қазақстан Республикасының Президенті уәкілеттік берген лауазымды адамдар да тапсыруы мүмкін.

5. Мерекелік медальды тапсыру салтанатты жағдайда жүргізіледі және ол наградталушының жеке өзіне тапсырылады. Тапсыру алдында Қазақстан Республикасы Президентінің наградтау туралы Жарлығы жария етіледі.

6. Әрбір наградталған адамға мерекелік медаль тапсырумен бір мезгілде белгіленген үлгідегі куәлік беріледі.

7. Мерекелік медальдың тапсырылғаны туралы белгіленген нысандағы хаттама толтырылады, ол медаль тапсырған адамның қолтаңбасымен, тапсырған органның мөрімен бекітіледі және Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жіберіледі.

8. Мерекелік медаль сол жақ омырауға тағылады. Мемлекеттік наградалары болған жағдайда олардан төмен орналасады.

9. Жүргізілген наградтаулардың есебін, сондай-ақ мерекелік медальдардың тапсырылу барысы туралы есептілікті Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының тиісті аппараттары жүргізеді.

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2025 жылғы 8 қазандағы
№ 1033 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

"Қазақстан Республикасының Парламентіне 30 жыл" мерекелік медалінің СИПАТТАМАСЫ

"Қазақстан Республикасының Парламентіне 30 жыл" мерекелік медалі сары түсті жезден диаметрі 34 мм шеңбер нысанында дайындалады. Медальдің аверсі – жылтырак


Медальдің аверсінде Қазақстан Республикасы Парламенті ғимараттарының, оның жоғары жақ шетінде шаңырақ бейнесі орналасқан, төменгі жақ шетінде "1996 30 2026" деген жазу жазылған. Медальдың шеті ернеумен жиектелген. Медальдағы бейнелер мен жазулардың бәрі бедерлі.

Медальдың реверсінде "ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПАРЛАМЕНТІНЕ 30 ЖЫЛ" деген жазу және медальдың реттік нөмірі жазылған.

Медаль құлақша мен шығыршық арқылы көгілдір түсті жібек қатқыл лентамен қапталған ені 25 мм және биіктігі 40 мм төртбұрышты тағанға жалғанады. Лентаның ортасында ені 8 мм болатын сары түсті ұлттық ою-өрнек бейнеленген.

Медаль киімге визорлы бекіткіші бар түйреуіш арқылы бекітіледі.

«Қазақстан Республикасының
Парламентіне 30 жыл»
мерекелік медалінің
сипаттамасына
ҚОСЫМША



Масштаб 1:1

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК